

Қамкоршылық кеңесі отырысының  
ХАТТАМАСЫ № 2

Мерзімі: 06.01.2021 ж

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны : 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

- 1) Бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуы туралы есебі.
- 2) ҚР Білім және ғылым министрінің 28.12.2020 жылғы №548 шығыс хатына сәйкес коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары көзенінде орта білім беру үйімдарында 2020-2021 оку жылының II жарты жылдығында оку процесін үйімдастыру.

**Тындалды:**

**A. Кисикова (Новый орта мектеп- лицейінің директоры):**

Өткен жылдан бастап мектеп жан басына қатысты қаржыландыруға көшті , яғни енді мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға республикалық бюджеттен өз бетінше қаражат жұмсау мүмкіндігі пайда болды. Осы ретте 2020 жылды сатып алған дар:

- Мектеп рюкзагы кенсе тауарларымен - 935252 теңге (123 окушы)
- Кроссовки - 658928 теңге (123 окушы)
- Спорттық киімдер- 937 260 теңге (123 окушы)
- Тұптеу машинасы - 97 977 теңге
- Дезинфекциялау құралдары-1353000 теңге
- Микрофон -74 000 теңге
- Ламинатор - 45 800 теңге
- Парта бір орынды + орындық- 700000 теңге
- Маркер тақтасы 20 дана - 329280 теңге
- Жалюздер- 787000 теңге

Балаларыңыздың білім алатын мектебінің мемлекет тарапынан бөлінген бюджеттің жұмсалуын біліп отыру маңызды, себебі білім беру мекемелерінің ашықтығы ұжым және ата-аналарды мектеппен байланастыра түседі деп есептеймін. Бұл қаржының тиімді пайдалануы бәріміз үшін де маңызды.

**III. Аймагамбетова (Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары):**

ҚР Білім және ғылым министрінің 28.12.2020 жылғы №548 шығыс хатына сәйкес коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары көзенінде орта білім беру үйімдарында 2020-2021 оку жылының II жарты жылдығында оку процесін үйімдастыру

жөнінде қаулы шыкты. Мектеп әкімшілігімен бірігіп, окушылардың оку процесі бұзылмай білім алыу үшін тиісті шараларды бастап кеттік.

Осы ретте айта кететінім, мектебімізде қыркуйек айынан бастап бастауыш класс окушылары кезекші кластарда білім алып бастады. Есік алдында аяқ киімге арналған кілемшелер, санитайзерлермен қамтамасыз етілген. Кезекші кластарда окушы саны-15. Окушыларды кезекші класқа қабылдау ата-аналардың немесе занды өкілдерінің өтініштері бойынша жүзеге асырылды. Мұғалімдер "кезекші кластар" режимінде жұмыс істеуге жазбаша келісіммен алынды.

II жарты жылдыққа кезекші кластар қатарына қосымша кластар қосылуына байланысты санитарлық жағдайды екі есе күштейтін боламыз.

Қазіргі танда 1-4 (бастауыш кластар) барлығы- 464 окушы, 31 кезекші класс білім алып жатыр.

#### ***N. Бақтыгерей (мектеп медбикесі):***

Еліміздегі ахуалға байланысты мектептегі санитарлық -эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында көптеген жұмыстар жасалуда. Атап айттын болсақ, оку кабинетінің санитарлық талаптарының сақталуы толық бақылауға алынған. Коңырау кезінде ылғалды тазалау, кварцтау жүзеге асырылады. Окушылар 4 есіктен кіргізіліп- шығарылады. Сонымен қатар окушылар міндепті түрде бетперде киіп, арақашықтықты сақтап жүреді. Окушылардың мектепке келу уақыты әртүрлі және кезекшілер мектепке келген әр окушының дene қызуын өлшеп, арнайы журналға жазып отырады. Егерде температурасы шамадан тыс көтеріліп тұrsa, класс жетекшіге, мектеп медбикесіне яғни бізге дер кезінде ескертіліп, арнайы жабдықталған бөлмеде оқшауланады.

Енді осы ауру түрі туралы ақпарат беріп кететін болсам, коронавирус инфекциясының алдын алу үшін төмендегі ескертулерді орындау қажет:

- қоғамдық орындарда, соның ішінде қоғамдық көліктерде бетперде киу;
- қол гигиенасын сактау;
- әлеуметтік қашықтықты сактау;
- адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болу.

Коронавирустық инфекцияның ең көп кездесетін белгілері – дene қызуының көтерілуі ( $38^{\circ}\text{C}$  дейін) және құрғақ жөтел. Кейде тамақ ауырып, шаршағыштық сезім пайда болып, буын ауруы, бас ауруы және ентігү сияқты белгілер пайда болады.

#### ***E. Аймагамбетов - Қамқоршылық кеңесінің мүшесі***

Мектепте инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында жүргізіліп жатырған жұмыспен жіті таныспын. Барлық оку сыйнштары, мектеп дәліздері санитарлық талаптарға сай керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мектеп дәлізінің бірінші қабатында орналасқан теледидардан және мектеп радиосынан санитарлық ережелерді қатаң талап етіп, оны сактау керектігі жөнінде хабарлама айтылып, көрсетіліп отырады.

#### ***Шешім:***

1. Бюджеттен бөлінген қаражаттың орнымен жұмсалғанын есепке ала отырып, "қанағаттанарлық" деп танылсын.

2. Оқу процесі кезінде оқушылардың өмір қауіпсіздігі мен деңсаулық жағдайы өскеріле отырып, білім беру жағдайы жетілдірісін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  Т. Табылғанов

Хатшы:  С. Ахажанова